

Nur-Mübarek Mısır İslam Kültürü Üniversitesi'nin "6D020600-Dintanu" doktora eğitim programı öğrencisi Tasbolat Assyltay'ın (Ph.D) doktor ünvanını almak üzere sunduğu **"Çağdaş İslam Düşünürlerinin Yeni Epistemolojik Arayışları"** başlıklı tezine yurtdışı danışmanı'nın

GÖRÜŞÜ

Tasbolat Assyltay'ın "Çağdaş İslam Düşünürlerinin Yeni Epistemolojik Arayışları" başlıklı tez çalışması geniş bir konuyu kapsamaktadır. Bununla birlikte, Fazlur Rahman (1919–1988) ve Muhammed Abid el-Cabiri (1938–2010) gibi çağdaş İslam düşünürlerinin eserleri ve görüşleri çerçevesinde İslam'daki çağdaş epistemolojinin özünü açığa çıkarma çabası, bilimsel açıdan kendini haklı çıkaran bir yaklaşım olmuştur. Gerçekten de, Fazlur Rahman'ın bağlamsal analize dayanan Kur'an hermenetiği, gelenekten pek çok unsur almasına rağmen, asırlarca hükümleri lafzi bir şekilde anlamaya odaklanan baskın gelenek içinde sesi zayıf kalmış olan rasyonel okulun bir yankısıdır. Fazlur Rahman'ın metodolojisi, Ebu Hanife, el-Farabi, Şâtıbî, İbn Rüşd ve rasyonel düşünce geleneğini oluşturan diğer bilginlerin mirasını ve yöntemlerini modern hermenetik metotlarla birleştirebilmesi açısından önemlidir. Öte yandan, Cabiri'nin "İrfani", "Beyani" ve "Burhani" akıl (epistemoloji) türleri olarak belirginleştirdiği Arap-İslam düşünce yapıları, bu epistemolojik çerçevelerin tedvin (kodifikasyon) döneminde temelleri atılan metodolojik sınırların dışına çıkamadığını ve dolayısıyla modern çağın veya post-endüstriyel dünyanın meydan okumalarına cevap veremez hale geldiğini göstermektedir. Bu nedenle, yazarın bu iki düşünürü yeni bilgi birikimi ve yeni bir metodoloji oluşturan şahsiyetler olarak tanımlamasının temelsiz olmadığını düşünüyorum.

Tezin yapısı da gerekliliklere uygundur. İslami ilimlerin metodolojisinin oluşum tarihine değinerek, İslam modernizminin Orta Çağ İslam'daki metodolojik temelden epistemolojik kopuş noktalarını tespit etmeyi başarmıştır. İslam modernizmini, özellikle Fazlur Rahman ve Cabiri'nin şahsiyetlerini, eserlerini ve bilimsel çıkarımlarını analiz ederek onları neomodernist düşünürler olarak sunması, tarihsel olguları özetlemesi açısından başarılı olmuştur. Ancak, XVIII. yüzyıldan itibaren başlayan ihya (canlanma) ve tecdid (yenilenme) hareketlerini İslam'daki klasik modernizm dönemine dahil etmesi yerinde olsa da, klasik modernizm temsilcilerini yalnızca eğitim reformu (usul-i cedit), gazete ve dergi çıkarma ve siyasi birlik (ittihad) fikriyle uğraşan düşünürler olarak göstermesi, aşırı tek taraflı bir genelleme gibi görünmüştür. Bu bağlamda, Türkistan ve İdil-Bulgar bölgesindeki Cedidcilik hareketinin sadece eğitimdeki tecdid fikriyle sınırlı kalmayıp, İslam bilincine yeni bir düşünce geleneği ve fıkıh ile kelam ilimlerine dair yeni metotlar ve görüşler de aşıladığı gerçeği hesaba katılmamış gibi gözükmektedir. Fazlur Rahman ve Cabiri'yi neomodernist olarak

tanımlamak tartışmasız doğrudur, ancak klasik modernistlerin, özellikle de Cedidcilerin ve Osmanlı ve Türk alimlerinin fikirlerinin sadece siyasi ve eğitim işleriyle sınırlı kaldığı ve hiçbir şekilde yeni bir metodoloji doğurmadığı sonucuna varmak tek taraflı olacaktır.

Tezin özünü oluşturan ana bölümlerde, Fazlur Rahman'ın vahiy, peygamberlik anlayışı ve Kur'an hermenetiğinin özü ortaya konmuştur. Yazar, bağlamsal yoruma dayanan Kur'an hermenetiğini, yeni bir epistemolojinin oluşumunu belirleyen bir faktör olarak gerekçelendirmeye çalışmıştır. Ayrıca, onun İslam bilimlerini yeniden inşa etme çabası epistemolojik çerçevede ele alınmıştır. Cabiri'nin dört ciltlik "Arap Aklının Eleştirisi" (Nakd el-'akl el-'Arabi) eserinin içeriği analiz edilerek, Cabiri'nin Orta Çağ İslam'ındaki epistemolojiyi sınıflandırmasını içeren bilimsel çıkarımına eleştirel bir analiz yapılmıştır. Yukarıda belirtildiği gibi, Cabiri'nin "beyani", "irfani" ve "burhani" paradigmlar şeklinde incelenen Arap aklının epistem sistemlerine değinilmiştir. Ayrıca, Cabiri'nin İslam hukukunun işlevsel rolünü yeniden gözden geçirmeye dair teorik gerekçesi ile Fazlur Rahman'ın "çiftli hareket" (double movement) teorisi karşılaştırmalı olarak incelenmiştir. Kadın hakkı, ceza hukuku ve siyasi yönetim teorisi konularında iki düşünürün görüşleri yeri geldiğinde klasik fıkıh literatürleri ile karşılaştırılmıştır. Bu nedenle, doktora tez çalışmasının belirlenen amaçlarına uygun görevleri eksiksiz bir şekilde yerine getirdiğini söylemek mümkündür.

Araştırma, doktora tez çalışmalarına dair konulan şartlara uygun olarak yazılmıştır. Tasbolat Assyltay'ın "Çağdaş İslam Düşünürlerinin Yeni Epistemolojik Arayışları" başlıklı çalışmasını, doktora tezlerine dair konulan gerekliliklere uygun, bilimsel yeniliği olan, tam olarak tamamlanmış bir çalışma olarak kabul ediyorum.

Yukarıda belirttiğim eleştirilerimi ve sunduğum argümanları özetleyerek, tez çalışmasını hazırlayan Tasbolat Assyltay'ın doktor (Ph.D) ünvanına layık olduğunu düşünüyorum.

Yurtdışı Danışmanı:
Ankara Üniversitesi
İlahiyat Fakültesi
Ankara/Türkiye



Prof. Dr. İbrahim MARAŞ

**Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университетінің «6D020600 –
Дінтану» білім беру бағдарламасының Ph.D докторанты Тасболат
Асылтайдың «Қазіргі ислам ойшылдарының жаңа эпистемологиялық
ізденістері» атты философия докторы (Ph.D) дәрежесін алу үшін
дайындаған диссертациясына шетелдік ғылыми кеңесшінің**

ПІКІРІ

Тасболат Асылтайдың «Қазіргі ислам ойшылдарының жаңа эпистемологиялық ізденістері» атты диссертациялық жұмысы ауқымды тақырыпты қамтиды. Дегенмен, Фазлур Рахман (1919–1988) мен Мұхаммед Әбид Жәбири (1938–2010) секілді қазіргі ислам ойшылдарының еңбектері мен көзқарастары аясында исламдағы заманауи эпистемологияның мәнін ашуға талпынуы ғылыми тұрғыда өзін ақтайтын ұстаным болып шыққан. Расымен де, Фазлур Рахманның контекстуал анализге негізделген Құран герменевтикасы көптеген элементтерін дәстүрден алғанымен, ғасырлар бойы үкімдерді сөзбе-сөз кейіпте түсінеуге бағытталған доминант дәстүрдің аясында үні әлсіз болып келген рационал мектептің жаңғырығы. Әбу Ханифа, әл-Фараби, Шәтиби, Ибн Рушд және басқа да рационал ойлау дәстүрін қалыптастырған ғұламалар мұрасы мен әдісін модерн герменевтика методтарымен үйлестіре алуы тұрғысынан Фазлур Рахманның ғылыми көзқарастары маңызды. Ал Жәбридің «ирфани», «байани» және «бурхани» ақыл (эпистемология) түрінде айқындап көрсеткен араб-ислам танымдық қалыптары тәдуин кезеңінде негізі қаланған әдіснамалық шеңберден шыға алмағанын, сондықтан модерн дәуірдегі сын-қатерлерге жауап бере алмайтын жағдайға жеткенін көрсетеді. Бұл екі ойшылды жаңа білім қоры мен жаңа әдіснама қалыптастырушы тұлғалар ретінде айқындауы сондықтан негізсіз емес дегім келеді.

Диссертацияның құрылымы да талапқа сай түзілген. Ислам ілімдерінің методологиясының қалыптасу тарихына тоқтала отырып, ислам модернизмінің ортағасыр исламдағы әдіснамалық негізден эпистемологиялық ажырау нүктелерін анықтай білген. Ислам модернизміне, оның ішінде Фазлур Рахман мен Жәбридің тұлғасына, еңбектері мен ғылыми тұжырымдарына талдау жасай отырып оларды неомодернист ойшылдар ретінде көрсетуі тарихи фактілерді тұжырымдауы тұрғысынан сәтті шыққан. Дегенмен зерттеушінің исламдағы классикалық модернизм кезеңіне XVIII ғасырдан басталған ихия, тәжид қозғалыстарын жатқызуы орынды болғанымен, классикалық модернизм өкілдерін білім беру ісін реформалау (усул-и жәдид), газет пен журналдар шығару, саяси бірлік (иттихад) идеясымен ғана айналысқан ойшылдар ретінде көрсетуі тым біржақты жалпылау секілді көрінді. Осы тұрғыда Түркістан мен Еділ-Бұлғар аймағындағы жәдитшілік қозғалысының білім берудегі тәжид

идеясымен ғана айланысып қоймай, ислам танымына жаңаша ойлау дәстүрін, фикһ пен кәлам іліміне қатысты жаңа методтар мен көзқарастар сіңіргенін есепке алмағандай көрінеді. Фазлур Рахман мен Жәбириді неомодернист ретінде айқындау дұрыс екені даусыз, бірақ классикалық модернистер, соның ішінде жәдидшілер мен Осман және түрік ғалымдарының идеялары тек саяси және білім беру ісімен шектелмеген еді. Былайша айтқанда, классикалық модернизм өкілдерін жаңа методология туғыза алмады деп тұжырымдау біржақты болар еді.

Диссертацияның өзегін құрайтын негізгі тарауларында Фазлур Рахманның уахи, пайғамбарлық туралы түсініктері мен Құран герменевтикасының мәнін ашқан. Контекстуал интерпетацияға сүйенетін Құран герменевтикасын жаңа эпистемологияның қалыптасуын айқындайтын фактор ретінде негіздеуге тырысқан. Сондай-ақ оның ислам ғылымдарын реконструкциялау талпынысын эпистемологиялық шеңберде қарастырған. Жәбиридің «Араб ақыл-ойының сыны» (*Нақд әл-‘ақл әл-‘араби*) төрт томдығының мазмұнын талдай отырып, ортағасыр исламдағы эпистемологияны жіктеуден тұратын ғылыми тұжырымына сыни талдау жасаған. Жоғарыда айтып өткендей, Жәбиридің «байани», «ирфани» және «бурхани» парадигмалар түрінде талданған араб ақылының эпистемалар жүйесін зерделеген. Сондай-ақ Жәбиридің ислам құқығын функционалдық қызметін қайта қарауға қатысты теориялық негіздемесі мен Фазлур Рахманның «екі жақты қозғалыс» теориясын салыстыра зерттеген. Әйел теңдігі, жаза құқығы мен саяси басқару тақырыптары бойынша екі ойшылдың көзқарастары мен классикалық фикһ әдебиеттерін де реті келгенде салыстырып шыққан. Сондықтан, диссертациялық жұмыста қойылған мақсаттарына сәйкес міндеттерін толық атқарып шыққан деуге болады.

Зерттеу диссертациялық жұмыстарға қойылатын талаптарға сай жазылған. Сондықтан, Тасболат Асылтайдың «Қазіргі ислам ойшылдарының жаңа эпистемологиялық ізденістері» тақырыбындағы зерттеу жұмысын докторлық диссертацияға қойылатын талаптарға сай, ғылыми жаңалығы бар, толық аяқталған жұмыс деп санаймын.

Жоғарыда көрсеткен сыным мен келтірген дәйектерімді қорытындылай келе, диссертациялық жұмыстың авторы Тасболат Асылтайды философия докторы (Ph.D) дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

**Шетелдік ғылыми кеңесші,
Анкара университеті,
Теология факультеті,
Анкара/Түркия**

**профессор, доктор
Ибраһим Мараш**

Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы.

Он үшінші қазан екі мың жиырма бесінші жыл.

Құжатты түрік тілінен қазақ тіліне аударған аудармашы Әбілдаев Азамат Әділханұлы (ЖСН 931225300505).



Мен, Егембердиева Сандугаш Каримбаевна, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Заң көмегін ұйымдастыру және халыққа заң қызметін көрсету комитетінің 2006 жылғы 26 желтоқсанда берген № 0000704 мемлекеттік лицензиясы негізінде әрекет етуші Алматы қаласының нотариусы, аудармашы Әбілдаев Азамат Әділханұлының қолының түпнұсқалығын куәландырамын. Аудармашының жеке басы анықталды, әрекет қабілеттілігі мен өкілеттігі тексерілді.



Тізілім № 7425 тіркелді
Тарифке сәйкес өндірілді.
Нотариус 



ST0903516690733191272Y379

Нотариалдық іс-әрекеттің бірегей нөмірі / Уникальный номер нотариального д

парақта көмірленді
баумен тігіліп мормен баумен
пронумеровано на
листах, пронумеровано и
скреплено печатью
Нотариус:

